

Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 26 сәуір N 665

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы мен экономикалық өсуін ынталандыру, мемлекеттің шағын кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған қаржы қаражаттарын пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында және "Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды қүшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару жөніндегі департаменті 1997 жылдың 1 маусымына дейін жабық үлгідегі акционерлік қоғам нысанында банктік емес қаржы мекемесі ретіндегі Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын (бұдан әрі - Қор) құрсын.

2. Қордың негізгі функциялары:

шағын кәсіпкерлікті қаржылық қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуге қатысу және оны жүзеге асыру;

занды тұлға құрусыз дара кәсіпкерлікті қоса есептегендегі шағын кәсіпкерлік субъектілерін шағын кәсіпкерлікті дамытуудың басым бағытына, тауарлар мен қызмет көрсетулер рыногының конъюнктурасына және жекелеген аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық ахуалдың ерекшеліктеріне сүйеніп, дербес мақсатты несиелендіру; < * >

шағын кәсіпкерлік және өзін-өзі жұмыспен қамту саласында жаңа жұмыс орындарын құруға жәрдемдесу;

шағын кәсіпкерлік субъектілерінің пайдасына олардың екінші деңгейдегі банктерден несиeler алуды үшін кепілдік беру;

шағын кәсіпкерліктің бизнес-орталықтары мен инкубаторларын, шағын кәсіпкерлік саласындағы консультациялық, оқу-әдістемелік, лизингтік және өзге де нарықтық инфрақұрылымдарды дамытуға жәрдемдесу болып табылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен несиелендіру бағдарламаларына қатысу.

Ескерту. 2-тармақта өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.10.23. N 1077 , 2003.06.11. N 571 қаулыларымен .

2 - 1 . < * >

Ескерту. 2-1-тармактың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.26. N 514 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Ұлттық Банкпен (келісім бойынша) және Қаржы министрлігімен бірлесіп 1997 жылдың 1 қыркүйегіне дейін мерзімде несиелік бағдарламаның 80,4 млн. АҚШ доллары сомасында "В" және "С" транштарын екінші деңгейдегі банктердің қатысуымен Қор арқылы шағын кәсіпкерлікті орташа және ұзақ мерзімді несиелендіруге бағыттау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1993 жылғы 22 желтоқсандағы Евropa Қайта жаңарту және Даму Банкімен несиелік келісімінің шарттарын қайта қарасын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, белгіленген тәртіппен, банктік емес қаржы мекемесі ретінде Қорға оның Жарғыда айқындалған функцияларына сәйкес операциялар жүргізуіне арналған лицензия беру ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:
жарғылық қорға 1997 жылға арналған республикалық бюджетте шағын және орташа бизнестің инфрақұрылымдарын дамытуға көзделген 37 млн. теңге сомасында
қаражат енгізсін;

жыл сайын 1998 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған республикалық бюджеттің жобаларын әзірлеу кезінде Қордың несиелік ресурстарын толықтыруға
қаражаттар көздесін;

Қордың өз қызметін тиімді жүзеге асыруына бағытталған өзге де қажетті шаралар қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмыс орындарын құруды және дара кәсіпкерлікті дамытудың қолдаудың тәртібі туралы бекітілген ережеге сәйкес "Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының 1997 жылға арналған бюджеті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 13 ақпандағы N 209 қаулысына сәйкес "жана жұмыс орындарын құруды және дара кәсіпкерлікті дамытуды қолдау" бабы бойынша, Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының Директорлар кенесі белгілеген аймақтардың тұрғысында өндірістің басым тұрлерінің жобаларын несиелендіруге Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының қаражатынан 1 224 636 мың теңге бөлсін.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.05.27. N 886, 1999.08.17 . N 1175 қаулыларымен.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік пен активтерді басқару департаменті:

Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының жарғылық қорына Алматы қаласындағы Гоголь көшесіндегі 111 ғимаратқа орналасқан бұрынғы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің үйін берсін;

Қордың жарғысын бекітсін.

Қазақстан Республикасының шағын бизнесі қолдау жөніндегі агенттігіне Қор

акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы берілсін.

Ескерту. 7-тармақ абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1998.12.28. N 1346 қаулысымен .

8 . < * >

Ескерту. 8-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1998.01.28. N 44 қаулысымен .

9. Қордың басқарма төрағасы лауазымы бойынша Директорлар кеңестің мүшесі
б о л ы п т а б ы л а д ы .

*Ескерту. 9-тармақпен толықтырылды, 9-тармақ 10-тармақ болып
саналды - ҚРҮ-нің 1997.05.27. N 886 қаулысымен.*

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.08.17. N 1175 қаулысымен .

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК